bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718***
2021

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# А.Байтұрсынов «Егіннің бастары»

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 20.04.2021 | https://bilimger.kz/94477/ |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы: А.Байтұрсынов «Егіннің бастары»** | | Мұғалімнің аты-жөні:Г.М.Бегилова |
| **Сынып:5** | Қатысқан оқушылар саны: 11 | Қатыспаған оқушылар саны: 0 |
| **Сабақ негізделген оқу мақсаттары** | Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын талдау;<br>Шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау. | |
| **Сабақ нәтижесі:** | **Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:** Оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Өлеңді мәнерлеп оқиды. Сұраққа жауап береді.<br>**Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:** Өз бетінше жұмыс жасайды. Жазба жұмыс жасай алады.<br>**Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады**:<br>Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. | |
| **Бағалау критерийі** | Тапсырмаларды орындай алады . Өз бетінше жұмыстанады.<br>Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады. | |
| **Тілдік құзіреттілік** | Тәкаппарлық, қасиет, адамгершілік, үлгі т.б. | |
| **Ресурстар** | Оқулық,тапсырмалар,маркер, интерактивті тақта,кері байланыс т.б. | |
| **Әдіс-тәсілдер** | Шаттық шеңбері, «9 ромб», «Биопоэма», блум таксаномиясы, сюжеттік талдау, кестемен жұмыс т.б. | |
| **Құндылықтар** | Адам бойына ізгі қасиеттерді сіңіру, тәкаппар болмауға шақыру. | |
| **Алдыңғы оқу** | «Адамның диқаншысы» өлеңі | |
| **Сабақтың жоспары** | | |
| **Жоспар ланған уақыт** | Сабақ барысы : | Ресурстар |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr>
<td>Басталуы<br><br>7 минут<br><br><br>Ортасы  23 минут<br><br><br>Аяқталуы 10 минут</td>
<td>Ұйымдастыру кезеңі<br>Оқушылармен амандасу<br>Назарларын сабаққа аудару<br>Психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында «Сыныптағы заттар» тренингін ұйымдастырамын. Оқушылар сыныптан қандай да болмасын бір затты таңдап, бір минут ішінде оны өзіне немесе өзінің көңіл-күйіне ұқсастығын ойластырып, бір-біріне айтып беруі керек. Мысалы, «Мына төбедегі шам маған ұқсас екен: менің де көңілім қазір жарқырап  тұр!».<br><br>Өткен сабаққа шолу<br><br>9 ромб әдісі бойынша шығармадағы автор МАҢЫЗДЫ және ОНША МАҢЫЗДЫ ЕМЕС деп санаған мәселелерді анықтату арқылы өткен сабақты қаншалықты меңгергендерін байқаймын. Анықталған  мәселелердің неліктен маңызды және маңызды емес екенін түсіндіреді. Мысалы: адамдық, еңбек, бейнет, зейнет.. — МАҢЫЗДЫ; мал, есек, жасық …. —  ОНША МАҢЫЗДЫ ЕМЕС.<br>Дескриптор<br>-өлеңнен автордың маңызды деп санайтын 6 аспектісін анықтайды; —<br>3 маңызды емес аспектіні анықтайды;<br><br><br>Білу және түсіну<br>Оқулықпен жұмыс.<br>Оқушылар оқулықтан жеке өздері «Егіннің бастары» өлеңін оқып шығады.<br>Қолдану .<br>Интерактивті тақтадан орындалатын тапсырмаларды слайд арқылы көрсетіп қоямын.<br><br>«Биопоэма»<br>Әр  оқушы берілген ақ бетті 8 –ге бөліп, «Егініңң бастары» өлеңі бойынша маңызды ақпараттарды жеке жазады. Болған соң, сыныптта  жариялайды.<br>Егіннің бастары өлеңінің тақырыбы не?<br>Идеясы не болды? деген сұрақтар қойып, тапсырманы қорытындылаймын «Егіннің бастары» өлеңінің негізгі тақырыбы- тәкаппарлық.Идеясы-жамандықты болдырмау,тәкаппар болмауға тәрбиелену.Бидай арқылы адам бейнесі жасалып тұрғанын түсіндіріп өтемін.<br> Дескриптор<br>-маңызды ақпараттарды жазады;<br>-жазған ақпаратын сыныптастарымен бөліседі;<br>Өлеңінің идеясы мен тақырыбын түсінеді.<br><br>Талдау. Жоспар негізінде өлеңнің сюжетіне талдау жасаңыз.<br><br><br>Жинақтау.<br>Өлеңнен кейіпкерлер бейнесін айқындайтын өлең тармақтары берілген .  Негізгі сөздерге өз сөзіңізбен анықтама беріңіз. Анықталған қасиеттердің қазіргі өмірде көрініс табуына қатысты көзқарас білдіріңіз.  Көзқарастарын дәптерге жазады.<br><br>
<table>
<tr><th>Мәтіннен үзінді</th><th>Өз сөзіңізбен сипаттаңыз  ОЛ КІМ?</th><th>Қазіргі өмірде</th></tr>
<tr><td>Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның, Тұтынба бұл мінезді, балам», — дейді.</td><td>Көп білетін адам, ізденгіш әрі еңбекқор адамдар…</td><td>Мұндай адамдар тарихта ұмытылмайды, артында еңбегі, ашқан жаңалығы қалады…мысалы…</td></tr>
<tr><td>Қор болған босқа кетіп еңбек, бейнет, Құлдарға құлдықтан жоқ артық зейнет.</td><td>Күн көрісі үшін басқа адамның жұмысын істейтін адам…барлық қара, қиын жұмыстарды атқарады…</td><td>Тарихи деректерге сүйенсек байлар құл ұстаған, малы, ақшасы, ішерге тамағы жоқ адамдар құлдыққа алынған. Бірақ қазір біздің елімізде құл деген жоқ….</td></tr>
</table>
<br><br>Дескриптор<br>—	өлең тармағындағы  кейіпкер бейнесін ашатын кілт сөзді анықтайды;<br>—	кілт сөзге өз сөзімен сипаттама береді;<br>—	анықталған қасиеттердің қазіргі өмірде кездесуіне мысал келтіру арқылы  өз көзқарасын 2 сөйлеммен жеткізеді.<br><br>Кері байланыс парақшасы. Парақшадағы сұрақтарға жауап жазады.<br>Бағалау. Оқушыларды балдық жүйемен бағалап шығамын.<br>Үйге тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқу.</td>
<td>Тренинг<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>9 ромб сызылған парақша<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Оқулық<br><br>АКТ<br><br><br>Маркер, А-4<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Дәптер мен жұмыс<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Кесте</td>
</tr>
</table>

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.